



**БҰЙРЫҚ**

**ПРИКАЗ**

20\_\_ ЖЫЛҒЫ \_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_\_

№ исх: 74 от: 24.02.2021  
Нұр-Сұлтан қаласы

город Нур-Султан

**Қазақстан Республикасы Білім және  
ғылым министрінің кейбір  
бұйрықтарына өзгерістер мен  
толықтыру енгізу туралы**

«Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 65-бабының 3-тармағына сәйкес және жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы қызметті жүзеге асыратын коммерциялық емес акционерлік қоғамдары Басқарма Төрағасы – Ректор лауазымына кандидаттарды анықтау жөніндегі республикалық комиссия отырысының 2021 жылғы 5 ақпандағы №6 хаттамасының негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының директорлар кеңесінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 29 желтоқсандағы № 555 бұйрығына мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

бұйрықтың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) директорлар кеңесінің сандық құрамы 15 (он бес) адам болып белгіленсін.»;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының директорлар кеңесінің құрамында:

«

Сыдықов  
Ерлан Бәтташұлы

«Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Басқарма Төрағасы – Ректоры

».

2. «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының директорлар кеңесінің кейбір мәселелері туралы»

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 29 желтоқсандағы № 556 бұйрығына мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

бұйрықтың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) директорлар кеңесінің сандық құрамы 12 (он екі) адам болып белгіленсін.»;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының директорлар кеңесінің құрамында:

«  
Түймебаев «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық  
Жансейіт Қансейітұлы университеті» коммерциялық емес акционерлік  
қоғамының Басқарма Төрағасы – Ректоры

».

3. «Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының директорлар кеңесінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 22 қарашадағы № 506 бұйрығына мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

бұйрықтың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. «Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) директорлар кеңесінің сандық құрамы 6 (алты) адам болып айқындалсын.»;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының директорлар кеңесінің құрамында:

«  
Каринова Қазақстан Республикасының Білім және ғылым  
Шолпан Таңатқызы вице-министрі;

» деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

«  
Дәуленов Қазақстан Республикасының Білім және ғылым  
Мирас Мұхтарұлы вице-министрі;

»;  
мынадай жолмен толықтырылсын:

«  
Сүгірбаева «Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық  
Гүлжан Дәулетбекқызы университеті» коммерциялық емес акционерлік  
қоғамының Басқарма Төрағасы – Ректоры.

».

4. Осы бұйрық жалғыз акционердің шешімі болып табылады және қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасының**

**Білім және ғылым министрі****А. Аймағамбетов****Результаты согласования**

23.02.2021 12:02:40: Зейнуллаулы А. З. (Управление правового обеспечения) - - согласовано без замечаний

23.02.2021 12:25:53: Давлет Т. В. (Юридический Департамент) - - согласовано без замечаний

**Результат подписания**

23.02.2021 20:35:15 Аймағамбетов А. К.. Подписано